



БЕКІТІЛГЕН
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер
комитеті төрағасының м.а.
бұйрығымен
2023 жылғы «03» наурыз № 81

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және олардың аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 522 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар тізбесі

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Медеу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ережеде:

1-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы жөніндегі мемлекеттік басқару;»;

мынадай мазмұндағы 38-1), 38-2), 38-3), 38-4), және 38-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«38-1) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу;

38-2) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан борышкерлер туралы сұрау салуды жүзеге асыру және ақпарат алу;

38-3) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес интернет-ресурста өздеріне қатысты сот арқылы банкроттығы рәсімі қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін орналастыру;

38-4) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Электрондық үкімет» веб-порталында орналастыру;

өздеріне қатысты сот арқалы банкроттығы рәсімі қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін;

соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы хабарландыруды;

соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны және борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыруды орналастыру;

38-5) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, уақытша және банкроттықты басқарушыға негізгі сыйақы төлеу, сондай-ақ кредиторлар комитетінің шешімі бойынша өзге де әкімшілік шығыстарды өтеу;».

